



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№  
25.04.2024 № 2 ге

**Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 25 сәуірдегі  
қаулысы**

**«Astana» «ӘКК» АҚ, «Astana Invest»  
инвестицияларды дамыту  
қалалық орталығы» ЖШС  
инвестициялық жобаларды  
бағалау көрсеткіштері туралы**

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – тұрақты Комиссия) «Astana «ӘКК» АҚ және «Astana Invest» инвестицияларды дамыту қалалық орталығы» ЖШС инвестициялық жобаларды бағалау көрсеткіштеріне қатысты ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, келесілерді атап өтті.

«Astana» ӘКК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қызметі экономиканың түрлі салаларындағы инвесторлармен бірге жобаларды іске асыруға; активтерді басқару, оның ішінде еншілес және тәуелді ұйымдарды одан әрі бәсекелестік ортаға жіберу үшін оларды дамыту және залалсыз деңгейге шығару жолымен басқаруға; шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау мен ынталандыруға; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 ақпандағы қаулысына сәйкес «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС «Астана – жаңа қала», «Астана – Технополис» екі арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы және елордада инвестициялар тарту, қолайлы жағдайлар жасау және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын компания болып айқындалды.

«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) аумағының құрамына әкімшілік-іскерлік орталық және № 1 Индустриялық парк кіреді. № 1 Индустриялық парктің инвестициялық портфелі 110 жобаны құрайды, оның ішінде 5893 жұмыс орнын құрумен 57 жоба пайдалануға енгізілді, іске асыру сатысында 53 жоба алдағы 3 жыл ішінде пайдалануға беріледі деп күтілуде.

№ 2 Индустриялық парк, Назарбаев университеті, Сулы-жасыл бульвар және т.б. «Астана – Технополис» АЭА аумағының құрамына кіреді. 179 жұмыс орнын құрумен 3 жоба жұмыс істейді. Іске асыру сатысында 7 жоба бар.

Қазіргі уақытта Астана қаласының инвестициялық жобаларының бірыңғай пулы құрылды, оған 13,6 мың жаңа жұмыс орнын құрумен 125 жоба кіреді. № 2 Индустриялық парк аумағында 150-ге жуық жобаны іске асыру жоспарлануда. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы қайта өңдеу саласына тиісті инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін аграрлық индустриялық аймақты құру бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленуде.

Тұрақты комиссияның отырысына дайындық барысында депутаттар «Astana» ӘКК АҚ және «Astana Invest» инвестицияларды дамыту қалалық орталығы» ЖШС жобаларын іске асыру аясында нысандарды аралады.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – мәслихат депутаттары) қазіргі уақытта «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ тарапынан сыртқы инвестицияларды тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша бақылауды жүргізу және жүзеге асыру бойынша жұмыс көрсеткіштерінің артқанын атап өтті. Алайда, дамуда сапалы серпіліс жасау үшін ақылға салынған әрекеттер қажет.

Депутаттар атап өткендей, бірінші кезекте АЭА аумағында отандық (жергілікті) өндірушілердің өндірістік қуатын ұлғайту қажет, бұл отандық өнім өндірісін ұлғайтуға және кеңейтуге ықпал етуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобаларды тарта отырып, оның ішінде «бір терезе» қағидатын қолдана отырып, бірыңғай орталық құру, сонымен қатар бюрократиялық және сыбайлас жемқорлық құрамдас бөліктерін болғызбау, берілетін құжаттарды қарау мерзімдері мен санын қысқарту, және де инвесторлармен тікелей байланысты болғызбау мақсатында консалтингтік қызметтер көрсету жолымен байланысты жұмыстарды жүзеге асыру жөнінде нақты тетік құру қажет.

Бұдан басқа, инвестициялық жобаларды іріктеу бойынша кедергілерді, олардың басымдылығын ескере отырып (әлеуметтік жобалар, инвестордың меншікті капиталын 50% - дан салумен және т. б.), сараптамалық әлеуетін, жұмыс орындарын құру санын және т. б. белгілеу қажет.

125 инвестициялық жобаны іріктеу өлшемшартына қатысты, яғни қандай индикаторлар, салынатын ақша сомасының мөлшері (шегі) негізінде және т. б. сұрақтар туындайды. Инвестициялық жобалардың біріне өнеркәсіптік, өндірістік объектілерге жатпайтын, сонымен қатар жер учаскелерін беру, жеңілдікті салық салу және т. б. түрінде тиісті артықшылықтар алатын жекеменшік мектептердің құрылысы жатады, сондай-ақ олардың құрылысы Индустриалды парктің қатысуымен жүзеге асырылатындығын ескере отырып, көптеген сұрақтар туғызады. Осындай жағдай осы аумақта өнеркәсіптік қуаттарды өндіруге жатпайтын көппәтерлі тұрғын үй кешендерін салу бойынша қалыптасуда.

№ 1 Индустриялық парк аумағында жобаларды іске асыру барысында жол берілген, мысалы, жер учаскелерін көп реттік (5 және одан да көп рет) қайта сату, олардың нысаналы мақсаттарын өзгерту және т. б. фактілерді жою қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Astana» ӘКК» АҚ, «Astana Invest» инвестицияларды дамыту қалалық орталығы» ЖШС инвестициялық жобаларды бағалау көрсеткіштері туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ және «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС-ға:

АЭА аумағында отандық (жергілікті) өндірушілердің өндірістік қуаттарын ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау;

инвесторлармен жұмыс істеу, оның ішінде «бір терезе» қағидатын қолдана отырып, бірыңғай орталық құру арқылы, шет мемлекеттердің (Біріккен Араб Әмірліктері және т. б.) тәжірибесін, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іріктеу бойынша олардың басымдылығын ескеріп, мәслихат депутаттарын тарта отырып, іріктеу жөніндегі рәсімдерді жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін тиісті өлшемшарттарды белгілеу жөніндегі тетіктерді әзірлеу;

жер учаскелерін көп реттік қайта сату және олардың нысаналы мақсатын өзгерту фактілеріне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;

іске асырылатын 125 инвестициялық жоба (оларды іріктеу өлшемшарттары, инвестицияланатын меншікті ақша қаражатының мөлшері) бойынша ақпарат беру;

«Астана даму орталығы» ЖШС қызметін бағалау көрсеткіштеріне қатысты ақпарат беру;

жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындыларының негізінде Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясы белгілеген бұзушылықтарды жою жөнінде ақпарат беру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ және «Astana «ӘКК» АҚ-ға:

көше саудасын ұйымдастыру шеңберінде орналастырылатын павильондарды жаңғырту, оларды бірыңғай стильде және елорданың дизайн-код тұжырымдамасына сәйкес ресімдеу жөнінде шаралар қабылдау;

ХӨОТ санатына жататын халыққа павильондарды өтеусіз негізде беру мүмкіндігін қарастыру;

шарттарды сот тәртібімен бұзуға балама ретінде оларды бұзу тетігін белгілеу жөнінде шаралар қабылдау;


жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары негізінде Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясы белгілеген бұзушылықтарды жою жөнінде ақпарат беру ұсынылсын.

БАҚ-та азаматтардың тіршілігін жақсартуға ықпал ететін жобаларды іске асыру, оның ішінде әлеуметтік бағыт бойынша жұмыстарды жариялау мақсатында ақпараттық жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
Астана қаласы мәслихатының  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

  
**К. Адамбек**